

Аудандық мәслихаттың шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 9-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қаңтарда № 4662 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 ақпандағы "Теректі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы №10-3 "Теректі ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" №18-2 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3431 тіркелген, 2014 жылғы 28 ақпандағы "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (В. Мустивко) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық
мәслихат хатшысы

М. Ибраев

Ә. Нұрғалиев